

Оқыту бағдарламасы және көппәтерлі тұрғын үйді басқару және күтіп-ұстау бойынша функцияларды орындауға арналған сертификатты беру тәртібі

1. Жалпы ережелер

1.1. Көппәтерлі тұрғын үйлерді басқару және күтіп-ұстау бойынша қызметті жүзеге асыратын кадрлардың, сондай-ақ қосымша білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын құрылымдық бөлімшелері бар заңды тұлғалардың (бұдан әрі – Оқу орталықтары) біліктілігін арттыру және қайта даярлау.

1.2. Оқу орталықтарының негізгі міндеттері:

1) тиісті нормативтік құқықтық актілерде, нормативтік-техникалық құжаттарда болатын өзгерістерге байланысты оларға қойылатын талаптарды тұрақты арттыруды ескере отырып, мүліктің меншік иелері бірлестігі төрағаларының және басқару органдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыру.

2) кадрларды қайта даярлау;

3) бұрын алған тиісті кәсіби білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын тереңдету және жетілдіру;

4) еңбек нарығы құрылымының өзгерістеріне байланысты қосымша біліктіліктер беру жолымен кәсіби мүмкіндіктерді кеңейту болып табылады.

1.3. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) тізбені қалыптастырады және оқу орталықтарының жұмысын және құрылуын ұйымдастырады.

1.4. Оқудың үлгілік бағдарламасы және үлгілік оқу жоспары 1-қосымшаға сәйкес уәкілетті органның және білім беру саласындағы уәкілетті органның бірлескен бұйрығымен бекітіледі.

Бағдарламаның негізгі мақсаты көппәтерлі тұрғын үйді басқару рәсімдері мен тетіктерін тиімді іске асыру үшін қажетті білім мен дағдыларды қалыптастыру болып табылады.

Оқытудың үлгілік бағдарламасы мүліктің меншік иелері бірлестігі төрағаларының, басқару органы қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға арналған.

2. Оқу орталықтары қызметінің және көппәтерлі тұрғын үйді басқару және күтіп-ұстау бойынша функцияларды орындауға арналған сертификатты беру тәртібі

2.1. Оқу орталықтары оларды оқу орталықтарының тізбесіне қосу үшін өзінің тиісті білім беретін оқу бағдарламасын жасағаны және/немесе іске асыра бастағаны туралы уәкілетті органға хабарлайды.

2.2. Оқу орталықтарындағы оқу процесі оқу орталықтарының басшылары бекітетін оқыту бағдарламаларына және оқу процесінің бағдарламаларына, күнтізбелік кестелеріне сәйкес ұйымдастырылады.

2.3. Біліктілікті арттыру және кадрларды қайта даярлау Мүліктің меншік иелері бірлестігінің төрағаларымен, басқару органдары қызметкерлерімен жасалатын оқыту шарттары негізінде жүзеге асырылады.

2.4. Көппәтерлі тұрғын үйді басқару және күтіп-ұстау жөніндегі біліктілікті арттыруға немесе қайта даярлауға техникалық және кәсібиден төмен емес деңгейдегі техникалық, заң, экономикалық мамандықтар бойынша білімі бар тұлғалар жіберіледі.

2.5. Біліктілікті арттыру және қайта даярлау бойынша оқыту ұзақтығын тапсырыс берушінің пікірін ескере отырып, оқу бағдарламасына байланысты, бірақ тиісінше 40 сағаттан кем емес, оқу орталығы белгілейді.

2.6. Қайта даярлау және біліктілікті арттыру жөніндегі оқу процесі жазбаша немесе компьютерлік тестілеу нысанында аяқталады.

2.7. Көппәтерлі тұрғын үйді басқару және күтіп-ұстау мәселелері бойынша біліктілікті арттырудан немесе қайта даярлаудан өткен тыңдаушылардың білім деңгейін қорытынды бағалау емтихан комиссияларымен (бұдан әрі - Комиссия) жүргізіледі.

2.8. Оқу орталықтары емтиханды өткізуді бастағанға дейін бір ай бұрын тиісті ғылыми дәрежесі туралы құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, техникалық, заң, экономикалық ғылымдар саласындағы ғылыми дәрежесі бар оқытушылар арасынан тиісті комиссиялардың төрағасының кандидатурасын уәкілетті органға келісуге жібереді.

2.9. Уәкілетті орган ұсыныс түскен күннен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірмей комиссия төрағаларымен кандидатураларды келіседі.

2.10. Комиссиялардың сандық және персоналдық құрамы оқу орталығының басшысымен бекітіледі, алайда оның құрамында үш адамнан кем болмауы керек.

Бұл ретте комиссиялардың құрамына тыңдаушының жұмыс берушісі, жұмыс берушінің басқа да қызметкерлері кіре алмайды.

2.11. Тестілеу сұрақтарының сексен және одан да көп пайызына дұрыс жауап берген тыңдаушыға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көппәтерлі тұрғын үйді басқару және күтіп-ұстау функцияларын орындауға біліктілігін арттырғаны немесе қайта даярлаудан өткені туралы сертификат беріледі.

2.12. Тестілеу нәтижесінде сексен пайыздан кем дұрыс жауапты жинаған тыңдаушы «сынақтан өткен жоқ» деген баға алады және келесі 10 жұмыс күні ішінде тестілеуді қайта тапсыруға бір рет қана жіберіледі.

2.13. Оқу орталықтары:

- 1) әдістемелік кабинетпен;
- 2) өрт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау, санитариялық нормалар мен қағидалардың талаптарына сәйкес келетін 20 кем емес оқу орталығы бар сабақтарға арналған сыныппен (кабинетпен);
- 3) 20 кем емес дербес компьютері бар кемінде бір компьютерлік сыныппен;
- 4) ресми шығарылған нормативтік, анықтамалық және оқу-әдістемелік құжаттардың өзекті қорымен;
- 5) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бойынша озық технологиялардың үлгілерімен, макеттерімен қамтамасыз етіледі.

Оқыту бағдарламасына және көппәтерлі тұрғын үйді басқару және күтіп-ұстау бойынша функцияларды орындауға арналған сертификатты беру тәртібіне 1-қосымша

Мүліктің меншік иелері бірлестігінің төрағаларын, басқару органының қызметкерлерін оқыту бағдарламасы

№	Оқыту бағдарламасының бөлімдері	Сағаттар саны	Нысан оқыту
1.	Инфрақұрылымдық-тұрғын үй кешеніндегі мемлекеттік саясат және нормативтік құқықтық реттеу	3	дәрістер
2.	Қолайлы тұрғынжайда азаматтардың құқықтарын іске асыру мақсатында көппәтерлі тұрғын үйді сапалы басқару және күтіп-ұстау жүйесі мен тетіктері.	4	Дәрістер, практикалық сабақтар
3.	Көппәтерлі тұрғын үйді пайдалану бойынша техникалық талаптар. Көппәтерлі тұрғын үйге қызмет көрсету сапасын бақылау. Басқарушы немесе басқару компаниясы тартқан пәтерлердің меншік иелері бірлестігінің төрағасын ауыстырған кезде техникалық құжаттамаларды беру тәртібі.	4	Дәрістер, практикалық сабақтар
4.	Инфрақұрылымдық-тұрғын үй кешеніндегі экономикалық аспектілер және тарифтік саясаттың қағидаттары. Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін басқаруға және күтіп-ұстауға шығыстардың негізділігі	5	Дәрістер, практикалық сабақтар

5.	Көппәтерлі тұрғын үйді басқаруға және коммуналдық қызметтерді көрсетуге арналған шарттық қатынастар қатысушыларының мүдделер теңгерімін қамтамасыз ету.	5	Дәрістер, практикалық сабақтар
6.	Көппәтерлі тұрғын үйдегі жылу мен ресурстарды үнемдеудің оңтайлы режиміне қол жеткізу. Көппәтерлі тұрғын үйді жөндеу кезінде жаңа материалдар мен технологияларды қолдану. АТП және ОПУ пайдалану және қызмет көрсету практикасы.	7	Дәрістер, практикалық сабақтар
7.	Халық арасында ақпараттық жүйелерді пайдалану тиімділігінің түсіндіру жұмысын ұйымдастыру.	5	Дәрістер, практикалық сабақтар
8.	Жергілікті атқарушы органдармен, қызметтердің өнім берушілерімен, басқару органдарымен, сервистік қызмет субъектілерімен мүліктің меншік иелерінің өзара қарым-қатынастарының әлеуметтік аспектілері.	3	Дәрістер, семинарлар
9.	Коммуналдық қызметтерді және көппәтерлі тұрғын үйдегі ортақ мүлікті басқару және күтіп-ұстау бойынша қызметтерді тұтынушы-азаматтардың кінәрат-талаптары бойынша сот тәжірибесі	4	Дәрістер, семинарлар
	Оқу курсы бойынша жиыны	40	

Оқыту бағдарламасына және
көппәтерлі тұрғын үйді басқару және
күтіп-ұстау бойынша функцияларды
орындауға арналған сертификатты
беру тәртібіне 2-қосымша

Көппәтерлі тұрғын үйді басқару және күтіп-ұстау функцияларын орындауға
арналған біліктілікті арттырғаны немесе қайта даярлаудан өткені туралы
сертификаттың нысаны

_____ оқу орталығы _____

/Оқу ұйымының логотипі/

Біліктілігін арттырғаны немесе қайта даярлаудан өткені туралы
№ _____ СЕРТИФИКАТ

20__ ж. «__» _____ берілді.

Осы сертификат

_____ /тегі, аты, әкесінің аты/

оның _____ /білім
беру _____ мекемесінің/бөлімшесінің _____ атауы/

/біліктілікті арттыру немесе қайта даярлау бойынша курс бағытының атауы

20__ ж. «__» _____ бастап 20__ ж. «__» _____ дейін
_____ бойынша оқу курсына табысты өткені үшін берілді

Оқу сағатының саны _____.

Комиссия төрағасы _____ / _____
(қолы) (қолдың толық жазылуы)

Оқу орталығының басшысы _____ / _____
(қолы) (қолдың толық жазылуы)

М.О.